БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Н ТУЫ

КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

3 март Сейсенбі | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

*Бейбітшілік пен демократияның мызғымас қамалына айналып отырған Совет елі адамдарының қамын ойлау, олардың арасында ғылым жаңалықтарын таратып, денсаулығын жақсарта беру, өзінің білімі мен жігер-қайратын халық ісіне ақырына дейін арнау — міне, ауыл-село дәрігерлерінің абройлы міндеті осы болып табылады.*

## ӘРІГЕРІ

ы —Антон Архиповичтің
ығына, тағдырына совет
жауапкершілікпен қарай-
уды дәрімен ғана емдеп
мын ойлаумен, совет
тың derттің жоқ екен-
сендіре біліп, оған
ік мейірімділігін көрсете

тропавл ауданы, Архан-
насының дәрігері Р.
с та еңбекшілер көпші-
болады. Ол колхоздың
мен мал фермаларында
колхозшылардың үйлері-
ын тексеріп жүреді.
дәрігерлер облысымыз-

ауыл-селолық жерлерде
медициналық пункттер
дарының жұмысында
ен ұғым тумайды. Бізде
налық пункттің жұмы-
отыр.

ов ауданының Жарқын
егі медициналық пункт
лы тұрады. Оның мең-
ауруларды уақытын-
збетімен қыдырып жү-

ндағы балалар дәрігері
дық емхананың дәрігері
келген әйелдер мен ба-

# Мал қыстатуды үлгілі аяқтайық!

☆ ☆ ☆

## Сталин атындағы колхозда

Өткен жылы Сталин атындағы ауыл-шаруашылық артелінің (Преснов ауданы) мүшелері мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімін арттыруда кейбір жетістіктерге жетті. Мәселен, мұнда бір жыл ішінде мал саны 30 процентпен өсті. Сол сияқты, 1950 жылмен салыстырғанда, 1951 жылы әрбір сауын сиырдан 175 литрден сүт артық алынды.

Бірақ, осындай табыстарға қол жете тұрса да, ол жылы мал шаруашылығы ойдағыдай өркендетілмеді. Себебі —шаруашылықтың мұндай аса маңызды саласына қолда бар күш -мүмкіншілік түгел жұмылдырылмады, колхоз басшылары бұған жеткілікті басшылық жасамады.

Колхоз мүшелері осындай елеулі кемшіліктерді еске ала отырып, үстіміздегі жылы қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетуде жаңа зор табыстарға жетуді көздеп отыр. Бұл үшін олар малды бағып күту ісін негізінен жақсартып, мал қыстатуды үлгілі өткізбек, төлдерді шығынсыз өсірмек.

—Биылғы жылы, —дейді ірі қара мал фермасының меңгерушісі Апретов жолдас, —малды қыстан шығынсыз

## Коммунистер мал шаруашылығында

Совхоз мал өсірушілері малды бағып, күтуді жылдан-жылға жақсартып келеді. Осының нәтижесінде олар қоғамдық мал санын өсіріп, оның өнімділігін арттыруда едәуір табыстарға жетіп отыр. Совхозда қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендету жөніндегі үшжылдық жоспар барлық түлік бойынша орындалды. Бұл мерзім ішінде мал өнімдерін дайындау жөнінде де бірқатар табыстарға жеттік.

Мал шаруашылығын өркендетуде жаңа зор табыстарға жетуді көздеп, малшылар қазір мал қыстатуды ойдағыдай өткізіп жатыр. Біз мал қыстатуға күні ілгері тыңғылықты әзірлік жүргіздік те, әрбір малды қыстық жемшөппен, жақсы жабдықталған қоралармен жеткілікті қамтамасыз еттік. Жалғыз жемшөптің мол әзірленуімен іс бітпейді. Қысқы маусымда малды әрі күйлі, әрі шығынсыз өсіру үшін, оны мезгілінде азықтандырып отыру қажет. Ал, бұл шартты дайындалған жемшөпті мал қоралары жанына тасып алмайынша ойдағыдай шешуге болмайды. Осыны ескере отырып, біз мал қоралары жанына көп жемшөп тасып алдық. Сол сияқты, мал қыстатуға тәжрибелі малшыларды бөлдік, олардың

Олардың көпшілігі—озат мал өсірушілер. Бұған совхоз коммунистерінің қазіргі мал қыстатудағы үлгілі істерін айтқанның өзі -ақ жеткілікті.

Коммунистердің үштен бірі, ал, комсомолецтердің тіпті жартысына жуығы мал қыстатуда қолма- қол жұмыс істейді. Бұлардың барлығы да өз жұмыстарын ойдағыдай атқарып жүр.

Мәселен, коммунист Жантілеуов—№ 1 ферманың меңгерушісі. Бұл ферма мал санын өсіріп, оның өнімділігін арттыруда совхоз бойынша алдыңғы қатарда келеді. Мұнда, әсіресе, малдың қысқы күтімі ойдағыдай. Аталған фермада еңбек тәртібі қатаң сақталады. Жантілеуов жолдас күн сайын әрбір малшыға арнаулы тапсырма беріп, оның орындалуын бақылауға алады. Осының нәтижесінде фермада мал өсірушілер өнімді еңбек етіп, малдың қоңын барған сайын жақсартуға жетісуді. Қазір фермада күтімнің нашарлығынан жүдеген, шығынға ұшыраған немесе іш тастаған бірде -бір мал жоқ.

Осы сияқты Лавруст жолдас та мал қыстатуда үздік еңбек етіп жүрген коммунистердің бірі. Мұның басқаруындағы

*Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясы қарсаңында*



Шағын двигательдер заводының стахановшы-строгальщигі Борис Ерзаков соңғы жылдары үнемі екі станокта жұмыс істеп келеді. Оның сапа көрсеткіштері д[...] бүгінгі талаптарға сай. Өйткені, Ерзаков жолдас өз жұмысында озат тәжрибелерді тиімді қолдана біледі.

# шілерді тәрбиелеу ролі

ке ұқыпты
мнің адам
ою үшін
патриотизм
мақтанышы
большевик-
ге комму-
йы көмек-
, кәсіподақ-
меткерлердің
ға үнемі

Сталин
жүргізуші
ен енген
оммунизмнің
ар басқару-
шылық жү-
н ең жақсы
отырады.
оставындағы
тта қалған-
еге асырып
арасын жү-
н біріктіріп
ері, 113-

екке тәр-
йымдарының
ке асыруда
ы зор. Со-
қоғамның
деп, алға
л адамдар-
көзқарасын
ы еңбекке
хында тәр-
ге комму-
ң қызметін

жарысты
еңбекшілердің
сын көтере
буға, мате-

Социалистік жарысты кең өрістету негізінде республикамыздың көптеген кәсіпорындары, колхоздары мен совхоздары елеулі табыстарға ие болды. Қарағандының көміршілері, Эмбінің мұнайшылары өткен жылды ойдағыдай аяқтады. Темір жолдарымызда жүк тиеу едәуір артты. Күрделі құрылыс жұмыстарының көлемі әлде қайда ұлғайды, көпшілік қолды товарлар көп шығарылды, мыңдаған шаршы метр пәтер-үй салынды, егін және мал шаруашылында да елеулі табыстарға қолжетті.

Еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде кәсіподақтардың клубтары, мәдениет үйлері мен мәдениет сарайлары, кітапханалары, қызыл бұрыштары және кинолары зор роль атқарады. Кәсіподақтардың мәдени-көпшілік жұмысы соңғы жылдар ішінде үлкен қарқын алып, бұл жұмыстың идеялық дәрежесі жоғарылады.

Кәсіподақтардың мәдени -ағарту жұмыстарының бәрі жұмысшылар мен қызметшілердің қаблеттерін барлық жағынан өсіріп отыруына, саясат, ғылым, техника, мәдениет және искусство жөніндегі білімдерін үнемі көтеріп отыруына көмектеседі, олар еңбекшілерге идеялық тәрбие беру ісіне, Лениннің —Сталиннің ұлы ісіне шексіз берілгендік рухта тәрбие беру ісіне қолғабыс тигізеді.

Кәсіподақ ұйымдарының еңбекшілерді тәрбиелеудегі жұмысында одақ мүшелерінің жалпы жиылыстарының ролі орасан зор. Мұның өзі еңбекшілерді коллективтік дағдыға тәрбиелеу мектебі, сын мен өзара сын кең өрістейтін трибуна болып табылады. Жиылыс жұмысшы бұқараның саяси тәжрибесін өрістетудің қажетті бір құралы, өндірістік жоспарды орындау және асыра орындау күресіне жәрдемші.

Біздің кәсіпорындарымызға жыл сайын лек- легімен келіп жатқан жаңа жұмыс-



Куйбышев су электр станциясының құрылысы. Жигули тауының етегіне құрылыстың шешуші участогі орналасқан. Қысқа уақыт ішінде мұнда дүние жүзіндегі ең ірі су электр станциясының үлкен котлованын көктемде Еділ суынан қоршайтын бөгет салынбақ.

СУРЕТТЕ: котлован ішін суға толтыру.

(СОТА-ның фотохроникасы).

## Мемлекетке 600 центнер сүт сатты

Полудень ауданындағы іріленген Чапаев атындағы колхоз өткен жылы мемлекетке сүт тапсыру жоспарын ауданда бірінші болып орындады. Колхоз жоспар орындалғаннан кейін де сүт тапсыру ісін тоқтатқан жоқ. Мемлекетке жоспардан тыс 600 центнер сүт сатып, сүт сатудан тапқан табысқа жыл аяғында «Газ—51» маркелі 2 автомашина сатып алды. Үстіміздегі жылы колхоз көптеген құрылыс жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр. Қәзір екі машинаның екеуі де құрылыс жұмысына пайдалануда.

Колхоз биыйл да мемлекетке жоспардан тыс сүт сатып, оның ақшасына тағы да бір автомашина сатып алмақ.

## Бірінші орынға ие болды

Сталин атындағы (Булаев ауданы) колхоздың мүшесі Әменов жолдас колхоздың ең қарт аңшысы болып саналады. Ол қәзір 75 жаста. Бірақ, жасының ұлғайғандығына қарамастан Әменов жолдас тері шикі заттарын дайындау жөнінде өзіне

Үстіміздегі жылы Әменов жолдас 22 түлкі, 1 қасқыр, 5 қоян соғып алып, олардың терілерін аудандық шикі зат дайындау орнына тапсырды. Сөйтіп, ол ауданда тері шикі затын дайындау жөні-

# Кореядағы оқыйғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 16 март. (СОТА). Корей Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясы құрамаларының қытай халық еріктілері бөлімдерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, бұрынғы шептерде қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болғанын хабарлады.

Бүгін дұшпанның самолеттері Шығыс және Батыс жағалау аудандарында шабуыл жасауда болды. Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолетін аңдып ұшушылар дұшпанның 4 самолетін атып түсірді.

### ИНДИЯ ЖУРНАЛЫ ЖАПОНИЯНЫҢ АҚШ-қа БАҒЫНУЫ ТУРАЛЫ

ДЕЛИ, 16 март. (СОТА). «Блитц» журналы американ империалистері мен олардың жапондық қуыршақ сатылмыштары арасында жасалған келісім туралы хабарлайды. Бұл келісімнің құпия статьялары, деп атап көрсетеді журнал, егер «АҚШ соғысқа Жапония ауданында кірісқен жағдайда» бұл соғысқа Жапонияның қатыстырылуын қарастырады. Жапондықтар американ әскерлерін өз жерінде ұстағаны үшін жылына 155 миллион доллар төлеп отыруға тиіс.

### БЕЙБІТШІЛІКТІ ЖАҚТАУШЫЛАРДЫҢ АМЕРИКАНДЫҚ КОНТИНЕНТАЛДЫҚ КОНГРЕСІНЕ ТЫЙЫМ САЛУҒА ҚАРСЫ НАРАЗЫЛЫҚ

**Уругвайдың депутаттар палатасының мәжлісі**

МОНТЕВИДЕО, 16 март. (СОТА). 15 мартта Уругвай парламенті депутаттар палатасының мәжлісі болды. Онда депутат коммунист Родней Арисмендидің инициативасы бойынша елде бейбітшілікті жақтаушылардың континенталдық конгресін өткізуге ішкі істер министрлігінің ты-

